



Жәрмеңкеге бардың ба?..

**Айбек
ЖҮЗБАЙ**

Қала орталығында өткен ауыл шаруашылық жәрмеңкесіне халық бұрынғыдан көп жиналды. Онда саудаланып жатқан азық-түлік көлемі де біршама артқан. Әрі жергілікті тұрғындарға сөрелердегі өнімнің бағасы да

тиімді болды. Мәселен, жылқы еті мың бір жүз теңгеге бағаланса, сиыр еті сегіз жүз елу, тоғыз жүз теңгенің шамасында. Сүт өнімдері базардағы бағадан жиырма бес пайызға төмен. Бір литр сүт жүз жиырма, май бағасы үш жүз елу теңгеден саудаланды. Бір келі картоп – жетпіс, сәбіз – сексен теңгеге сатылды. Балық

бағасы екі жүз, үш жүз теңгеге жуықтаса, шұжық өнімдері алты жүз, сегіз жүз теңге. Жәрмеңкеге облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов қатысты. Сауда нүктелерінің жай-күйімен танысты. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне баға көлемінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырды.

Занды қайта қарауды ұсынады

**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Облыс кәсіпкерлері алкоголь өнімін сақтау және сатуға салынатын жыл сайынғы лицензиялық алымды қайта саралауды сұрайды. Бұл туралы Өңірлік палата директорының орынбасары Самат Сәдуақасов хабарлады.

Жыл басынан бері кәсіпкерлер Палатасына салық салу мәселелерін көтерген өтініштер толассыз түсіп жатыр. Алкогольді ішімдіктерді сатуға берілетін лицензияны уақыты-

лы тапсырмағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған кейбір сауда нүктелерінің иелері өз қызметін тоқтата тұруға мәжбүр, Алымды төлеудің мерзімін

өткізіп алған кәсіпкерлер де палата өкілдеріне шағым түсірген. Әкімшілік кодекстің жаңа редакциясына сәйкес оларға алым сомасынан әлдеқайда көп айыппұл салынып, алты айға дейін қызметін тоқтату қаупі төніп тұр.

– Мысалы, аудан орталықтарының біріндегі дүкен иесі 60 000 теңге сомасындағы алымды белгіленген мерзімнен төрт күнге кеш төлеген, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Самат Сәдуақасов. –

Занды бұзғаны үшін енді оған 300 000 теңге айыппұл салынады.

Кәсіпкерлер ірі супермаркет пен ауылдағы шағын дүкеннің иесі бірдей соманы төлеу әділетсіз деп санайды.

– Бұл проблемалар жергілікті деңгейде шешілмейді, тек заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолданды, – деп хабарлады С.Сәдуақасов.

Естеріңізге сала кетейік, 2015 жылғы 1 қаңтарынан

бастап елімізде алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшектеп сатуды жүзеге асыратын тұлғалар үшін жыл сайынғы лицензиялық алым енгізілді. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда алым сомасы – 100 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), аудандық маңызы бар қалалар мен кенттерде – 70 АЕК, селолық елді мекендерде – 30 АЕК құрайды. Төлем әр жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жүзеге асуы тиіс.

Жаңа тағайындау

Облыс әкімі Н.М.Садуақасовтың өкімімен Баямбетов Қанат Кенжетайұлы 2015 жылғы 6 сәуірден бастап Қостанай облысы әкімдігі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысы болып тағайындалды.



Қанат Баямбетов 1971 жылдың 24 маусымында Қостанай облысы Науырзым ауданының Қарамөңді селосында туған. 1993 жылы Рудный индустриалдық институтын "инженер-құрылысшы" мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Жангелдин атындағы кеңшарда құрылыс учаскесінің шебері болып бастады. 1995-2003 жылдар аралығында салық агенті, аға инспектор, бас маман болып істеді. 2003 -2012 жылдар аралығында құрылыс саласында жауапты қызметтер атқарды. 2012-2014 жылдары "Алладин-2010" ЖШС директорының орынбасары, "Целинстрой" ЖШС директоры, "Булак Бакери" ЖШС инженері, Федоров ауданы әкімінің орынбасары болып қызмет етті. 2015 жылдың қаңтарынан бастап Қостанай облысы әкімдігі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарды.

Облыс әкімі Н.М.Садуақасовтың өкімімен Әлімжанов Кенеш Ғалибекұлы 2015 жылғы 6 сәуірден бастап Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы болып тағайындалды.



Кенеш Ғалибекұлы 1978 жылдың 31 қаңтарында Қостанай қаласында дүниеге келді. 1999 жылы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін "заңгер" мамандығы бойынша, 2007 жылы З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетін "есеп және аудит бакалавры" мамандығы бойынша, 2010 жылы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясын "мемлекеттік басқару магистрі" мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1999 жылы "Қостанай автобус паркі" ЖШС заңгері болып бастады. 2000-2006 жылдары Алтынсарин ауданы әкімінің аппаратында заңгер, Щербаков селолық округінің әкімі, Алтынсарин ауданы әкімінің аппаратының жетекшісі, 2006-2010 жылдары Алтынсарин ауданы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары міндеттерін атқарды. 2010-2013 жылдары – Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасында бөлім бастығы, 2013 жылдан осы уақытқа дейін Қарасу ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарды.

● ДОНОР КҮНІ

"Қан тапсыр – өмір сыйла"

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Дәл осындай ұранмен облыстық қан орталығы біздің өңірде донор күнін өткізді. Игі шараға мұғалімдер, денсаулық сақтау, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, зейнеткерлер мен кәсіпкерлер атсалысты.

Солардың ішінде 18 жасар Ю.Васильченко алғаш рет қан тапсырса, ал С.Тугеловтей азамат бұл үрдісті ұзақ жылдан бері дәстүрге айналдырған. Донорлық кітапшасында әр жылдары 200, 300, 400 мл мөлшерінде қан тапсырғандығы туралы тайға таңба басқандай етіп жазылған. Осыған қарап-ақ, оның осы уақытқа дейін қаншама жанның өміріне араша түскеніне тәнті боласың.

Бұл орталық Тәгіл ауылында да болды. Шараға тәгілдіктер белсенді қатысты. Бірнеше сағат ішінде 32 адам қан тапсырған.

Жалпы, екі күннің ішінде сарыкөлдіктерден 38 литр қан алынған. Сарыкөл ауданы.



● ФУТБОЛ

Жеңіс біздікі!

Қазақстан Ұлттық чемпионатының кезекті 5-ші тур ойындарына сәйкес Қостанайдың "Тобылы" өз алаңында Қарағандының "Шахтерін" қабылдап, 4:1 есебімен ойсырата ұтты. Ойынның алғашқы таймы 0:0 есебімен тең аяқталғанымен, бар "қызық" екінші таймда басталды.

Кездесудің 59-шы минутында "Тобыл" қақпашысы Александр Петуховтың қателігін пайдаланған Геворг Наджарян есеп ашты. Арада 4 минут өткенде "Тобылдың" капитаны Нұрбол Жұмасқалиев 18 метр жерден нысанын дәл көздеді. 1:1. Арада тағы үш минут өткенде Н.Жұмасқалиев дубль авторы атанды. 82 минутта оң қанаттан атойлап шыққан Томаш Шимкович таблодағы есепті 3:1-ге жеткізсе, 90 минутта Нұрбол "Шахтер" қақпасына төртінші допты тоғытып, өзінің биылғы маусымдағы алғашқы хет-тригін жасады. Жалпы, Нұрбол осымен өзінің Қазақстан чемпионатында соққан голдарының санын 160-қа жеткізді. Ал "Тобыл" Қарағандының "Шахтерін" араға 11 жыл салып жеңіп отыр. Соңғы рет қостанайлықтар көншілерді 2004 жылы 4:0 есебімен жеңген екен. Онда "Тобылдың" бас бапкері Владимир Муханов болатын. Өткен жылы жер-



лестеріміз "Шахтерге" дәл осындай есеппен жол берген еді. "Тобыл" қазір турнир кестесінің 8-ші сатысына көтерілді. Қоржында 5 ұпай бар. Енді қостанайлық аяқ-доп шеберлері 11 сәуір күні "Атырауға" барады.

ӨРТТІҢ алдын алған тиімді

Қостанай облысының ТЖД мәліметі бойынша өрт оқиғалары көбінесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының бақылауында жоқ объектілерде, соның ішінде көлік құралдарында болады. 2014 жылы жалпы тіркелген өрттердің 11,5 %-ы (136) көлік құралдарында тіркелді.

Қостанай облысы аумағында жыл басынан бері автокөліктерде 36 өрт тіркелді, 380 мың теңге шығын келді. Оттан жеңіл автомобильдер және бір автобус зардап шекті. Өрттің негізгі себебі – электрсымдарының қысқа



тұйықталуы.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында ТЖД қызметкерлері қала тұрғындарына парақшалар мен ескертпелер таратты. Онда өрттің алдын алу туралы ғана емес, сонымен қатар автомашинада өрт болған жағдайда қандай әрекет жасау ке-

ректігі туралы ақпарат берілген. Көлік иелері автомобильдің техникалық ақауына басты назар аударуы қажет.

Егер өрт шыққан болса, онда өрт-сөндіргішті қолданған жөн. Ал егер жанғанды тез жою мүмкіндігі болмаса, жанып жатқан автомобильден алшақтап, қауіпсіз жерге бару қажет, өйткені отын ба-

тінің жарылуы ықтимал. Сосын жедел түрде "101" немесе "112" нөмірлері бойынша қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақыру қажет.

Жүргізуші автокөліктегі қауіпсіздікті сақтауы тиісті, өртті сөндіргеннен гөрі алдын алған жеңіл екенін есте ұстаған жөн.

Волонтер мен мектеп оқушысы марапатталды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында сот төрағасы А.Жұмағұлов БАҚ өкілдеріне жыл басынан бері атқарылған жұмыстар барысын баяндап берді.

Брифинг барысында сот төрағасы 2014 жылдың 1 тоқсанымен 2015 жылдың 1 тоқсанында қаралған қылмыстық істер бойынша салыстырмалы талдау жасады. Жалпы, былтырғы жылдың бірінші тоқсанында сот өндірісінде 35 қылмыстық іс болса, соның ішінде 13 қылмыстық іс қаралып үкім шығарылған, 1 қылмыстық іс алқабилер алқасының қатысуымен қаралған. Ал, 2015 жылдың бірінші тоқсанында сот өндірісіне 43 қылмыстық іс түсіп, соның ішінде 24 қылмыстық іс қаралып, үкім шығарылды, 2 іс алқабилер алқасының қатысуымен қаралды. Сонымен қатар, төраға әйелдермен жасалған қылмыстарға да тоқталды.

Үстіміздегі жылы қылмыс жасаған 8 әйел сотталып, оның бесеуіне бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Ал, үшеуіне жазасын шектеу жазасы тағайындалды.

Сондай-ақ, өткен жылмен салыстырғанда биыл шығарылған жеке қаулылар саны екі есеге артқан көрінеді. Мәселен, өткен жылдың алғашқы үш айында 3 жеке қаулы шығарылса, ал биыл 6 жеке қаулы шығарылып, соның екеуі марапаттауға қатысты болған. Оның біреуі – рудныйлық бүлдіршін В.Ганияны іздестіру кезінде белсенділік танытқан волонтер Радченконы марапаттау үшін облыстық ІІД-нің атына, екіншісі – Сисембаевқа қатысты қылмыстық іс бойынша адам өлімінің алдын алуға көмек көрсеткен оқушы Елизаровты марапаттау туралы Қостанай ауданының Нечаевка орта мектебінің басшылығы атына шығарылған. Брифинг соңында сот төрағасы осы қаулыларға сәйкес облыстық ІІД басшылығы тарапынан Радченконың Алғыс хатпен, ал мектеп оқушысының ерлігі үшін арнайы грамотамен марапатталғандығын жеткізді.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



«Георгий лентасы» керек пе?

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Соңғы жылдары Жеңіс күнінің қарсаңында «Георгий лентасын» тегін тарату белең алып бара жатқандай. Кейбіреулер аталған лентаны көліктеріне дейін іліп қояды. Сірә, оны Ұлы Жеңістің символы деп ойласа керек. Шынтуайтына келгенде, бұл баудың мәні басқа. Осы ойымызды одан әрі өрбітіп, тарихи тұрғыда түсінік беру мақсатында ҚМПИ-ның проректоры, тарих ғылымдарының докторы Еркін Әбілмен сұхбаттасқан едік.

– «Георгий лентасының» мән-мағынасы қандай? Қазаққа керек пе?

– Ұлы Отан соғысы «Георгий лентасымен» байланыстыру дұрыс емес. Біріншіден, соғыс уақытында «Георгий лентасы» деп аталған жоқ. Екіншіден, мұндай баулар тек флотта ғана пайдаланылды. Үшіншіден, оның түсі басқаша болды.

1941 жылы Кеңес армиясында Гвардия белгісі пайда болды. Нәтижесінде тек қана флотта «Гвардия лентасы» беріле бастады. 1943 жылы Даңқ ордені енгізілді. Оның да лентасы шықты. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан соң «Германияны жеңгені үшін»

деген арнайы медаль енгізілді. Оның да лентасы болды. Бұл бауларды сол кездері орденнің орнына таққан. Ал «Георгий лентасы» 1769 жылы Ресей патшайымы Елизавета II енгізген 4 дәрежелі Георгий даңқты ордені бойынша пайда болған. Бұл орденмен 1917 жылға дейін әр түрлі шенділерді марапаттап келген. Соның ішінде, Орта Азияны жаулап алғандарды осы орденмен марапаттаған. Яғни, «Георгий лентасы» патша үкіметімен байланысты. Кейін Патшалық үкімет құлаған соң, бұл белгіге Кеңес үкіметінде тыйым салынған. Қазан төңкерісінен кейін «Георгий лентасы» ресми

түрде жойылды. Одан кейін заңды түрде қалпына келтірген жоқ. Бұл дегеніміз «Георгий лентасының» ҰОС-на ешқандай қатысы жоқ екенін білдіреді. ТМД аумағында «Георгий лентасын» тарату құбылысы 2006 жылы басталды. Біздің елімізде мұндай бауларды көпшілікке тарату білместіктен туындап отыр. Саяси сауатсыздықтың салдары дер едім. ҰОС-на, Ұлы Жеңіске, Қазақстан тарихына жат белгіні кеудемізге таққаннан не ұтамыз?.. Әсіресе, «Георгий лентасы» деген атпен пайдалануға болмайды.

– Мәні басқа баудан бас тарту үшін не істеу керек?

– Беларуссияның жастары былтыр осы лентаны пайдалануға қарсы шықты. Бұл бір империяның белгісі деп ұрандатты. Біздің елімізде «Георгий лентасын» таратуға ресми түрде рұқсат етілмеген. Сондықтан бұл баудың Ұлы Отан соғысына қатысы жоқ екенін халыққа түсіндіру керек. Сонымен қатар оны алмастыратын балама керек сияқты. Яғни, қызыл және көк түстерін араластырып басқа лента жасауға болады. Себебі, Жеңіс туының түсі қызыл болды. Ол – тарих. Ал көк түс тәуелсіз Қазақстанның Туын білдіреді. Егер «Георгий лентасына» балама керек десек осы екі түсті үйлестіруге болар еді.

– Шығыс Қазақстан облысында жаңа «Жеңіс лентасы» пайда болды. Оған не дейсіз?

– Ол да дұрыс шығар. Ұлы Жеңіске қатысы жоқ «Георгий лентасын» таққанша «Жеңіс лентасын» пайдалану әлдеқайда дұрысырақ болар еді.

Басты назарда – жасөспірімдер

«Жасөспірім» жедел-алдын алу шарасының барысында қостанайлық полицейлер 124 жасөспірімді бөлімге жеткізді. Екі күнде 19 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Іс-шара барысында полицейлер көңіл көтеру орындарын, есепте тұрған отбасыларын, сауда нүктелерін тексерді. Төрт сатушы кәмелетке толмағандарға темекі мен ішімдік сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 82 жасөспірім түнгі уақытта үлкендердің қарауынсыз жүргені үшін ұсталып, олардың ата-аналары заң алдында жауап беретін болды. Сондай-ақ 14 жастағы ұлының орталықта қайыр сұрап жүргені



үшін анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жалпы операция кезінде 32 жасөспірім мен 54 қолайсыз отбасы есепке қойылды.

Қостанай облысы әкімінің аппараты 2015 жылғы 15 сәуірге дейін жұмысқа орналаспаған дәрігерлердің мониторингін өткізеді. Аталған санаттағы тұлғалар мына телефондар бойынша байланыса алады 575-084, 575-057.

Аппарат акима Костанайской области до 15 апреля 2015 года проводит мониторинг наличия нетрудоустроенных врачей. Лица указанной категории могут позвонить по телефонам 575-084, 575-057.

Тобыл Торғай Тынысы

Қамқорлық танытты

Қарасу. Октябрь кентінің әкімі Владимир Андрусенко мен әлеуметтік саланың қызметкерлері жалғыз ілікті қарттар мен тыл ардагерлеріне көмек көрсетуде. Билік өкілі ауыл үйді аралап, қариялардың жай-күйімен танысты. Сондай-ақ, барлық ардагерлерге, жалғызбасты кісілерге ескерткіш сыйлықтар табысталды. Игі шара әлі де жалғасатын болады.

Мүгедектерді оқытты

Облыста. «Үміт-Надежда» ҚБ мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған семинар-тренинг өткізді. Іс-шараның қатысушыларына ҰЕҰ құру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа қатысуға арналған конкурстық құжаттарды дайындау туралы айтылды. Мұндай семинар өңірде алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Семинардың берері бар

Ұзынкөл. №2 Ұзынкөл орта мектебінде «Оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру барысында диалогтық оқытудың маңыздылығы» тақырыбында пән мұғалімдерінің семинары өтті. Семинарда сертификатталған ұстаздармен ағылшын тілімен кіріктірілген сауат ашу сабағы өткізілді. Семинар дайындығына Назарбаев зияткерлік мектебінің мамандары көмектесті. Қатысушылардың пікірінше, семинардың ұстаздарға берері мол.

Отқа оранды

Қостанай қ. «Март» сауда орталығында тағы да төтенше оқиға. Бұл жолы оның жертөле қабатында автокөлік отқа оранған. Жедел жеткен өрт сөндіру қызметі тілсіз жауды бірден ауыздықтады. Көк түтіннің салдарынан, сауда орталығындағы азаматтар сыртқа шығарылды. Өрттің шығу себептері мен келтірілген шығын көлемі анықталуда. Айта кету керек, аталмыш сауда ордасында бұл үшінші оқыс оқиға. Естеріңізге салсақ, осының алдында сауда орталығының төбе жабындысы құлап, бір адам жарақат алған болатын.

Мешітке ұры түсті

Лисаков. Мешітке ұры түсті. Күдікті әйелдер отыратын залдың терезесін сындырып, оның темір торын кесіп алып тастаған. Ұры имам отыратын бөлмедегі сейфті бұзып ашқан. Онда құжаттардан өзге ештеңе шықпаған соң, есепші отырған кабинеттегі темір жәшіктің құлпын сындырған. Сөйтіп жаңа мешіт құрылысына жинақталған 300 мың теңгені қалтасына басып тайып отырған. Құдайдан қорықпай осындай қылмысқа барған қылмыскерді полиция қамауға алды. Қазір тергеу амалдары жүргізілуде.

18 млн. теңгенің қаруын тапсырды

Облыста. Құзырлы мекемелер таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, облыс орталығы бойынша 587 қару тіркелген, оның 316-сы тапсырылды. Қазір азаматтарға сыйақы төлеу үшін құжаттар жинақталып жатыр. Бүгінде тұрғындар 18 млн. теңгеге травматикалық қару тапсырған. Сыйақы мөлшері қару-жарақтың жағдайы мен оның қай жерден шыққанына байланысты есептеледі. Атуға жарамсыз қарулардың бағасының 50 пайызы төленеді.

Жерлеу үшін пара алған

Қостанай қ. «Стикс» кәсіпорнының директоры қалалық зиратта жер беру үшін 200 мың теңге талап етті деп айыпталуда. Қостанай облыстық прокуратурасы хабарлағандай, 18 наурызда жемқорлыққа қарсы агенттікке қала тұрғыны хабарласқан. Зиратта 2013 жылы оның әкесі жерленіпті. Зираттың маңындағы жерді отбасы мүшелері өздеріне қалдырғылары келген. Бірақ, зиратта жерлерді бөлумен айналысатын кәсіпорын директоры Б.Құрамысов бұған ақшалай сыйақы талап еткен. Күдікті екі жүз мың теңге пара алып жатқан уақытында қолға түсті. Осы іске қатысты қылмыстық іс қозғалды.

● КӨКТЕМ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

"Өткеннен сабақ алған жөн"

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Көктемгі егіс жұмыстары басталар күн алыс емес. Маңызды науқан алдында пысықтап алатын шаруа жеткілікті. Сондықтан облыс әкімі Н.Садуақасов аудан, қала басшыларымен қоса ауылшаруашылық тауар өндірушілерін жинап дәстүрлі агрокеңес өткізді.

Онда жауапты науқан алдындағы міндеттер сараланып, бұған дейін орын алған кемшіліктерді болдырмау қажеттігі айтылды. Негізгі баяндаманы облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов жасады. Ол өңірде қалыптасқан ахуалды егжей-тегжейлі саралай келе, ауылшаруашылық саласындағы бірқатар кемшіліктердің "атын атап, түсін түстеп" берді.

Облыс әкімі орынбасарының баяндағанындай, шаруалар өткен жылы 160 млрд.теңгенің өнімін өндiрген. Республика бойынша бiздiң облыс бесiншi орында тұр. Яғни, елiмiздегi iрi экономикалық өлеуетi бар облыс үшiн көрсеткiш көп-көрiм төмен.

Мәселен, өңірде алты мың ауылшаруашылық кәсіпорындары бар болса, соның тек алпысы ғана экономикалық басымдыққа ие. Басқалай айтқанда, аталған алпыс шаруашылық мыңғыртып мал да өсіреді, жайқалтып егін де егеді. Үкіметке иек артып көрген емес.

"Бірақ, өткен жылғы жағдай барлығыңыздың көз алдарыңызда. Астық қабылдау пункттеріне тапсырылған 40% бидайдың сапасы нашар ері экспорттауға жарамсыз. Ақыры ең төменгі бағамен сатылды. Соның салдарынан біраз шаруашылық зардап шекті.

Өкінішке қарай, біздегі ауылшаруашылық құрылымдарының көбі мемлекетке 77 млрд.теңге қарыз. Оның 14 млрд.теңгесі соңғы үш жылдан бері қордаланып қалған. Соған қарамастан Үкімет шаруалардан жәрдемін аяған емес. 2012 жылдан бері облыс диқандары 34 млрд.теңгеден астам субсидия алыпты.

Кезінде алынған несиені дер кезінде төлей алмауын әркім әрқалай түсіндіруі мүмкін. Құрғақшылық, бұршақ аралас жаңбыр себеп бол-



ды дер. Алайда, жалпы көрініс еш ақталуға келмейді. Көптеген шаруалар әлі күнге дейін гербицидтер мен минералды тыңайтқыштарды қолдануды білмейді. Соның салдарынан егін алқаптарын арам шөп басып, шығымы төмендеп кетті.

Өткен жылы егіс алқабының 30%-ына тіпті төртінші, бесінші сортты тұқым себілген. Кейбір шаруашылықтар егіс жұмыстарын маусым айында ғана аяқтады. Нәтижесі көпке мәлім, Меңдіқара, Ұзынкөл, Сарыкөл сияқты облыстың солтүстік өңірлеріндегі егін алқаптарының 32 мың гектары, 39 мың майлы дақылдар қар астында қалды. Қамбаға 114 мың.тонна тұқымдық астық кем құйылды.

– Табиғаттың тосын мінезіне бой үйрететін кез жетті. Ол үшін көбірек жаңа технологиялар енгізу қажет. Мәселен, былтырғы жылы тұқымды уақытылы сеуіп, егін мезгілінде жинап алған шаруашылықтар озды. Ондағы астық сапасы да жоғары, – деп атап көрсетті Нұралы Садуақасов.

Ең бастысы, шаруаларға ширақ қимыл жетіспейді. Жыл сайын техника паркін жаңалап, жерді әртараптандыруға мейлінше кеңіл бөлу қажет. Кадр мәселесі де ақсап жатыр. Мұның бәрі науқандық жұмыстарға өз кедергісін келтірмей қоймайды.

– Егер шағын шаруа қожалықтары өз беттерімен техника салып ала алмаса, маңайындағы кәсіпорындармен бірігіп сатып алсын. Жерді пайдалу мәселесіне де жүрдім-бардым қарауға болмайды. Өзің көдеге жарата алмасаң, бер

жұртқа. Жер-Ананың берекесін қашырма! – деді облыс басшысы, – Бүгінгі айтылған әңгімеден мен нақты қорытынды шығады деп ойлаймын.

Облыс әкімі майлы дақылдардың әр гектарына төленетін демеуқаржының көлемін азайту керек деп есептейді. Өйткені, кейбір пысықай шаруалар аз шығын шығарып, көп пайдаға кенелгісі келеді. Жалпы, субсидияны беру тәртібін қатайту қажет. Егер нақты бір технология қолданысқа енгізілмесе, онда аталған қаржы бюджет есебіне аударылады.

Айтпақшы, қостанайлық диқандар субсидияландырылатын ауылшаруашылық дақылдарының мемлекеттік реестрін ұлғайтуды ұсынды. Яғни, оған бал жүгеріні қосуға болады.

– Біздің шаруашылық бал жүгері өсіруге бел буып отыр. Бал жүгері – жылу сүйгіш, аптап ыстық пен құрғақшылыққа төзімді дақыл. Қазір тұқым іздестіріп, оны баптау технологиясын меңгеріп жатырмыз, – деді Денисов ауданындағы "Сарығаш" ЖШС-нің директоры Өтеген Мұртазин.

Кеңесті қорытындылаған облыс әкімі Н.Садуақасов аудан басшылары мен шаруашылық жетекшілеріне айтылған сындардан қорытынды шығарып, жағдайды өз бақылауларына алуды тапсырды. Қалайда, өткен жылғы қолайсыздықты болдырмаған жөн деп ескертті өңір басшысы.

Суретті түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Өнерлінің өрісі кең

Гүлназым
САҒИТОВА

"Жұлдызай" республикалық балалар шығармашылық фестивалі өз жұмысын бастады. Айта кетерлігі сол, осы өнер фестиваліне тек мүмкіндігі шектеулі оқушы балалар қатысады. Мамандардың айтуы бойынша, облысымызда бұл фестивальдің ұйымдастырылғанына он бес жыл. Осы жылдар ішінде фестивальға тоғыз мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі өнерлі балалар қатысты, оның бір жарымға жуығы облыстық кезеңнің лауреаттары болса, 80 мүмкіндігі шектеулі балалар республикалық "Жұлдызай" фестивалінің жеңімпазы атанды.

Фестивальдың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі шығармашыл балаларды анықтап, талаптарын шыңдауға қолдау көрсету, қоғамда бейімделуіне қолғабыс ету, мүгедек балалардың проблемаларына қоғамның назарын аудару. Ал, енді биылғы фестиваль "Жеңіс әркімнің жүрегінде" тақырыбымен өтіп, 1941-1945 жылдардағы неміс фашистерге қарсы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің

70 жылдығына арналды. Фестиваль аясында "Муза және балалар", кәсіби шеберлік пен спорт шаралары бойынша байқаулар өтті. Облысымыздағы барлық балалар үйлері мен түзеу мектептерінің тәрбиеленушілерінің сәндік-қолданбалы өнер бойынша жасаған бұйымдары мен жұмыстары орын алса, өңірдегі Арқалық, Рудный, Лисаков, Қостанай қалаларындағы түзеу мектептері және түзеу мектеп-интернаттары, Меңдіқара ауданындағы Боровской санаторлық мектеп-интернатының жалпы алғанда барлығы он бір тәрбиеленушісі мамандықтар бойынша өткен кәсіптік шығармашылық байқауында үздік тігінші, слесарь, ағаш шебері атанды.

Ал, спорт спартакиадасы спорттың төрт түрінен, волейболдан, баскетболдан, үстел теннисі мен дойбыдан болды. Осы байқаулардың жеңімпаздары жуырда өтетін ақтық сынға қатысады. Олардың өнерлерін Астанадан келген арнаулы қазылар алқасы бағалайды. Ең таңдаулы деп іріктелінген өнерпаз, шығармашылық ұжымдар еліміздің бас қаласында өтетін "Жұлдызай-2015" қорытынды концертке қатысады.

Қостанай жұртының денсаулығы

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС социологиялық эмпирикалық зерттеу орталығының мәліметтері бойынша

7 СӘУІР

Дүниежүзілік денсаулық күні



81%



77%



өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды

54% - денсаулық жағдайларына қанағаттанады

Медициналық қызметтің сапасын өткір мәселе деп есептейді

Облыстың әрбір 5-ші тұрғынына медициналық көмек қажет



18-29 жас

48%



30-44 жас

50%



45-64 жас

52%



65 және одан жоғары

53%



49%

Медицинаның жағдайы-адам өмірінің сапасына ықпал ететін маңызды фактор!



52%

● СОЦИОЛОГТАР ӘЗІЛДЕЙДІ



● СТАТИСТИКАҒА СҮЙЕНСЕК

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы

2015 жылғы наурыздағы Қостанай облысы бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 17946 теңгені құрады

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы – құнының шамасы бойынша ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Ең төменгі тұтыну қоржыны заттай және құндық шағылудағы тауарлар мен қызметтердің ең аз жиынтығы. Ол азық-түлік қоржынынан (60%) және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтердің (40%) шығыстарынан тұрады.

Азық-түлік қоржынына 43 тамақ өнімдерінің атаулары: ет, балық, сүт, май-тоң май, нан, жеміс-көкөністер және олардың түрлері, жұмыртқа, қант, шай, дәмдеуіштер және басқа тағамдар кіреді.

2015 жылғы наурызда 2014 жылғы желтоқсанға қатысты Қостанай облысы бойынша халықтың орташа жан басына күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 1,9% көтерілді, өткен айға – 0,2% төмендеді және 17946 теңгені құрады (тамақ өнімдері – 10768 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер көрсету – 7178 теңге).

Оның құрылымында ет пен ет өнімдерін сатып алуға кеткен шығыстар үлесі 19,3%, сүт, ірімшік пен жұмыртқа – 13,4%, көкөністер мен жемістерді – 11,7%, нан және жарма өнімдері – 7,9%, май және тоң-май – 4,0%, қант, шай және дәмдеуіштер – 2,2%, балық – 1,5% алады.

● АРДАГЕР

Тыңда
түлегенШәріп Майқоңов
туралы сөзАйбек
КӘДІРҰЛЫ

Шәріп қария 1935 жылы сәуір айында Ленин (қазіргі Ұзынкөл — **А.К.**) ауданының Итсары ауылында дүниеге келіпті. Бұл елді мекен бұрындары Октябрь ауылдық кеңесі деп аталатын. Әкесі Ысмағұл қарапайым шаруа адамы еді. Колхозды алғаш ұйымдастырушылардың бірі.

— Әкем менің он бес жасымда қайтыс болды. Марқұм соғыс жылдарында еңбек армиясында болды, — деп бастады әңгімесін Шәріп ақсақал, — Ол кезде оқ-дәрі жасайтын 514-ші зауыт Қостанайға көшірілген еді. Ал шешемнің есімі Ақжамал. Анам да колхоздың түрлі жұмыстарын атқаратын еді. Жарықтық сегіз құрсақ көтергенімен бүгінде қарындасым Сәбира екеуіміз ғана жер басып жүрміз. Жетпіс беске келді. Ұзақ жылдар бойы сауыншы болып жұмыс істеді. Абыройсыз болмапты...

Бұларды ауыр еңбек ерте есейтті. Соғыс жылдары еді. Үлкен-кішінің де басына түскен қиындық бұғанасы қатпаған бала біткеннің басына да қамыт кигізді. Жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Бірінші сыныпта оқып жүргенде өрімдей-өрімдей балаларды егіннің арамышобін жұлға апарады. Бозала таңнан кеш қараңғылығына дейін оқушылар жауқияқ, сүтіген тәрізді зиянкестерді қолымен отап, қапқа салып жинайды. Сонда дені дұрыс тамақ та ішпейді. Үйдегі айраннан шалап істеп апарып, жұмыстың басында шөл басқан болады. Кенезесі кепкен адамға ол жұқ болушы ма еді?

Соғыс біткенде Шәріптер екінші сыныпты тауысты. Мына бір оқиға қарияның әлі күнге көз алдында: Ол кезде телефон деген атымен жоқ. Байланыс тек Ершовка ауылында ғана. Содан хабарлаған болуы керек, салт атқа мінген жігіттер құйғытып келіп, төмендегі ауылдан сүйінші сұрап кетті. "Жеңіс! Жеңіс!" деген айғайдан құлақ тұнады. Қуаныштың көз жасына ерік берген жандар бірін-бірі құшақтап әлек. Үлкендер жағы қырда егін сеуіп жатқан тұс. Жаңағы аттылар олардан да сүйінші сұраған. Кәкіжан Бердіғожин деген соғыстан жаралы болып, елге ертерек оралған кісі Шәріптерді екі топқа бөліп, соғыс машығын үйретеді. Бала да болса Жеңістің оңай жолмен келмегенін біледі бұлар...

Сұм соғыс аяқталып, ел ішіне мамыражай тірлік орала бастағанмен, мектепте оқитын балалар еңбектен босатылған жоқ. Ауылда жұмыс күші жетпейді. Шәріптің он жастан енді асқан кезі. Оқу аяқталысымен оқушыларды жазда шөпке салады.

Өгіз жетектеттіреді. Мұның бар арманы колхоздың шаруасына қолғабыс етіп, болмашы еңбеккүн табу. Киер киім болса да тапшы.

Әлі есінде, Ақсуат орта мектебінде 8-9 сыныпты оқығаннан кейін он бір оқушыны Қостанайдағы Жамбыл орта мектебіне ауыстырады. Онда интернаттың оқушыларына киім береді. Ауылдан келген балалардың үстіндегі киімдері тым жұпыны. Бірде Шәріп мектеп директоры Дәулет Ыбыраев деген кісінің атына киім сұрап, өтініш жазады. Ол кісі мұны баласынды ма, әлде басқалай себептері бар ма, әйтеуір көпке дейін жауап қатпапты. Болмағасын бір айдан соң облыстық білім басқармасына бармай ма...? Басқарма төрағасының орынбасары "Көер-міз..." — дегендей екіұштылау жауап беріп, шығарып салады. Амалы таусылған бала облыстық партия комитетіне бір-ақ тартады.

"Ол кезде обкомның бірінші хатшысы Сағалбай Жанбаев деген кісі. Облыс басшысы өзінде жоқ екен. Төменде отыратын кезекші, "Екінші хатшы Сәлімгерей Тоқтамысов өз орнында", — деп жөн сілтеді. Бардым. Мені қабылдады. Имене басып ішке өткен менің бас-аяғыма дейін түгел шолып өтіп:

— Бала, неге келдің? — деп сұрады.

— Ағай, келмеске амалым таусылды. Тұрысым мынау, киімім жоқ.

Расында үстіме кигенім баяғыда шешем тігіп берген көне сары тон. Оның да әр жері жамаудан көрінбейді әрі жеңі қысқарған. Басымда түлкі құлақшын. Аяғымда шұрық тесік пима.

— Сабақ үлгерімің қалай?

— Ақсуатта жүргенде жақсы оқып едім, мына жақта "үштіктерім" көбейіп кетті, — дедім шындықты жасырмай. Өйткені, мұнда сабақтың көбі орысша өтеді екен. Қазақ мектебінде тіл сындырған адамға, әсіресе, орыс тілі қиындау тиеді.

— Жарайды, бара бер оқуыңа.

Мен екінші хатшының кабинетінен құдды бір ерлік істегендей масаттанып шықтым. Хатшының кабинетінен зытып бергеніме қарамай өзімше миығымнан күліп қоямын. Жүгіре басып мектеп-интернатқа келсем, дәлізде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мырзахмет Шайхин ағай ерсілі-қарсылы жүр екен. Өзі тапал бойлы кісі еді, жарықтық, аяғы-аяғына жұқпай безек қағып жүргені біртүрлі ерсілеу көрінді.

— Әй, бала, сен не бүлдірдің? Қайда бардың, неге бардың?

Сұрақты бірінен соң бірін төпелеп жатыр.

— Енді өздеріңіз емес пе. Мен Сіздерге екі ай бұрын айттым. Еш нәтиже шықпады.

Мырзахмет ағай мені көп терген жоқ, дереу интернат меңгерушісін шақырып алып, "Мынаны бастан-аяқ киіндір" деп тапсырма берді.

Сөйтіп, Шәкең ақсақал оныншы сыныпты 1953 жылы Қостанайдағы Жамбыл мектебінен бітірген. Сол жылы күзде Абай колхозында касир болып еңбек жолын бастады.

1954 жылы наурыз айында Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі тың және тыңайған жерлерді игеруге одақтың әр қиырынан еріктілер келе бастады. Сырттан келгендерді қарсы алу, орналастыру колхозшылардың тікелей міндеті. Шаруашылық жұмысына араласа бастағалы көзге түскен Шәріп Ысмағұлұлына шұғыл тапсырма жүктелді. Колхоз төрағасының орынбасары Шапаш Жаукин екеуі Киевтен келген он екі адамды пойыздан қарсы алып, Абай ауылына апарып орналастырды. Алғашқы тыңгерлер жазғытұрым егістік таппақтарын жыртуды бастады. Шәкең өлшенген жерді есепке алып отырады.

Украинадан келгендер 1955 жылы тақыр жерден жаңа кеңшардың қазығын қағып, оған "Киевский" деген ат берді. Абай селолық кеңесінің құрамындағы барлық бригадалар жаңа құрылған кеңшардың еншісіне тиді. Сол жылы Шәкең Комсомол (қазіргі Қарабалық — **А.К.**) ауданындағы ауылшаруашылығын электрлендіру және механикаландыру техникумына оқуға түскен. Арада екі жыл өткен соң "Демьяновский" (қазіргі "Қоскөл" елді мекені — **А.К.**) мал бордақылау кеңшарына машина-трактор шеберханасының меңгерушісі болып жұмысқа орналасты. Кейін кеңшар таратылғанда, "Қоскөл" бөлімшесінің басқарушылығына бекітілді. Сонда 1964 жылға дейін қызмет атқарды.

1966 жылы таратылған "Демьяновский" кеңшарының базасында жаңадан "Россия" кеңшары құрылып, ауылшаруашылық жұмыстарында әбден ысылған әрі тәжірибелі жас маман Шәріп Ысмағұлұлы №5-ші бөлімшеге басқарушы болып ауысты. "Березовскийде" бұл бес жыл бойы жұмыс істеді. Міне, осында жүргенде Шәріптің еңбегі жанып, бөлімше зор табысқа кенелді. Яғни Шәкең басқаратын бөлімше диқандары соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша 1969

жылы үздік атанды. Шаруалар 5 мың гектар алқаптың әрқайсысынан орташа есеппен 18 центнерден өнім жинап, социалистік жарыстың көшін бастады. Нәтижесі қомақты. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы С.Н.Струков "Егіншілік мәдениеті жоғары коллектив" құрметті атағына ие болған Ленин ауданы, "Россия" кеңшарының №5-ші бөлімшесіне арнайы диплом мен су жаңа "Москвич-408" жеңіл автокөлігінің кілтін табыс етеді. Бұл туралы сол кезде жарық көрген облыстық "Коммунизм таңы" газеті бір бет мақала ұйымдастырыпты. Шеттері жыртылып, әбден сарғайған басылымның сол жолғы саны Шәкең ақсақалдың сандығында әлі сақтаулы.

Міне, осындай жетістіктен кейін Шәкеңнің қызметі өсті. Ол 1970 жылы "Россия" кеңшары партия ұйымының хатшысы қызметіне тағайындалды. Осы қызметте аттай алты жыл істеді. Одан кейінгі жылдары "Арзамас" кеңшарында жұмысшылар комитетін басқарды. Қызметте өрлеуге жоғары білімнің жоқтығы кедергі. Он екі жыл бойы жұмысшылардың құқығын қорғау ұйымында жемісті қызмет атқарған ол зейнеттік демалысқа шығардан бес жыл бұрын кеңшардың қауіпсіздік жөніндегі инженері болып еңбек етті.

Шәкеңнің облыс ауылшаруашылығына сіңірген еңбегі елеусіз қалған жоқ. "Березовский" бөлімшесін басқарып тұрған тұста омырауына Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Ал кәсіподақ ұйымында жүргенде "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталды. Бұдан өзге де алған медальдары аз емес. "Лениннің 100 жылдығы" мерекелік медалі, "Еңбек ардагері", "10,11 бесжылдықтардың екпіндісі", "ВДНХ қатысушысы", "КСРО-ның 50 жылдығы" мерекелік медалі, "Тыңға 20 жыл", "Жеңістің 40 жылдығы", "1966 жылғы ҚАЗ ССР егін жинаудың үздігі", бірнеше мәрте социалистік жарыстардың жеңімпазын айғақтаған төсбелгілері бүгінде Шәріп ақсақал үшін аса бағалы жәдігерлер. Басқа құрмет грамоталары бір төбе.

Елге еткен еңбек еселенбей тұрмайды. Бірақ онысын өзі міндетсіген емес. Елмен бірге жүріп, біте қайнасты. Қызметін ешкімге бұлдаған жоқ. Өз міндетіне адал. Сонысын бағалағаны шығар, Шәкеңді 1971-73 жылдары облыстық партия комитеті пленумының мүшесі, облыстық кәсіподақтар ұйымының мүшесі етіп сайлады.

Өмір сынаптай сырғып ағып, өтіп жатыр. Кешегі партия жауынгері бүгінде елге сыйлы қарияға айналған. Бар жиған-тергенін ұрпағының жолына сарп еткен ақсақал енді өзі де соның қызық, қуанышына кенелгеніне шүкір етеді. Өттең, осыдан он төрт жыл бұрын 44 жыл отасқан жары мезгілсіз дүние салды. Марқұм Гаусар Қанапияқызы екеуі өмірге үш ұл, бір қыз әкеліп, өнегелі тәрбие берді. Бүгіндері ұлдары ұядан ұшты, қызы қияға қонды. Сарасы медбике, Алматы облысының Ұзынағаш ауылында тұрады. Серігі банк саласының маманы. Сабыры Астанада, бизнеспен шұғылданады. Салтанаты "Август" ЖШС-нің Қостанайдағы филиалын басқарады. Келіні Райхан Заречный орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. Білікті ұстаз. Бүгінде ақсақалдың сегіз немере-жиені, алты шөбересі бар. Атаның басты көз қуанышы осы ұрпақтары.

СҮРЕТТЕ: еңбек ардагері Шәріп Майқоңов.

Суретті түсірген автор.



● ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН

ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Солдаттан генералға дейін өскен Самат Бәкіров туралы сөз



Өткен ғасырдың 60-90 жылдары облысымыздың ішкі істер қызметі саласын басқарған, қостанайлықтарға кеңінен таныс бұл есімді жұртшылық генерал Бәкіров деген ресми атауымен атағанды қалайды. Оның өнегелі ғұмырын, қызмет-

тегі талапшылдығын, адами қырының барлық жағын үлгі тұтып, қадірлеген жастың бірі менмін. Бүгінде туғанына 90 жас толғалы отырған Самат Смағұлұлының қарамағында болып, тәрбиесіне түскенде мен небары 22 жаста едім. Ал, 37 жастағы Ішкі

істер қызметінің майоры Самат Смағұлұлы Бәкіров сол кездегі Тың өлкесіндегі жоғары шенді санаулы қазақтың бірі екен. "Жақсы жан жан-жағына шуағын бірдей төгетін күн сияқты" дегендей, Самат аға қарамағындағылардың барлығына бірдей ықылас аударып, оларды зерттеп, зерделеп, қызметтерін бағалап отырушы еді. Маңайына топтасқан жастарға өзі қандай адал илтифат көрсетсе, олардан да соны талап ететін. Бұл талабын ауызбен айтпай-ақ өз ісімен, жүріс-тұрысымен, қызметімен көрсетуші еді. Оның барлық қызметкерлерін ұлтына, ұлысына бөліп-жармай қамқорлығына алатынын талай азаматтың ішкі істер саласындағы алған абыройлары мен атақ-дәрежелерінен-ақ білуге болады. Олардың қатарында полковник шендеріне көтерілген Амангелді Бектібаев, Евгений Беглов, Ұмытқан Ғалиев, Темірхан Рахымбаев т.б. бар еді. Совет Армиясы қатарынан жаңа келіп қызметке кіріскен мен және менің тұстастарымның өзі подполковник, майор шендерін иеленді.

Ол қызмет атқарған 30 жылдық мерзімде қаншама қиындық болса да жергілікті қор есебінен аудандарда типтік жобадағы

аудандық ішкі істер бөлімінің кеңселері, Қостанай қалалық, облыстық Ішкі Істер басқармаларының құрылыстары салынды. Автоинспекция, профилакторий-санаторий, орган қызметкерлеріне арналған көпқабатты тұрғын үй салынды.

Қала сыртынан оқшауландырылған профилакторий салынып, оның құрылысы кейіннен милиция мектебіне ыңғайластырылды. Қазір мұнда Заң университеті жұмыс істеп тұр.

Осындай қайраткерлік қызмет атқарған жоғары адамгершілік иесі, абзал аға Самат Смағұлұлына 1994 жылы Қостанай қаласының құрметті азаматы атағы берілді. Қостанай маңындағы пионер лагері генерал-майор С.Бәкіров атымен аталды.

Ұлы Отан соғысының және Ішкі істер қызметінің ардагері, қатардағы солдаттан генерал-майор атағына дейін жеткен С.Бәкіров пен Дәмеш апаның отбасынан өрбіген 5 ұл мен 1 қыздың ұрпақтары әке аруағын аспандатып, Отанымыздың әр тарабында ғұмыр кешуде.

Алтай ХАМИТҰЛЫ,
ҚР ішкі істер қызметінің запастағы майоры.

Әкеміздің дерегін білдік



жол саласында еңбек етеді. 1952 жылы Жантас, 1954 жылы мен туған екенмін. Бүгіндер әкеміздің 9 немере, 11 шөбересі бар.

Әкеміздің қайда соғысқаны, қандай майданда болғаны туралы деректер аудандық әскери комиссариатта да, "Олар жеңіспен оралды" кітабында да болмай шықты. Сондықтан қимас жанның деректерін іздестірген едім. Іздегенім Ресей Қорғаныс министрлігі Санкт-Петербург қаласындағы Орталық Мұрағат филиалынан табылды. Мұнда жаралы болып, емделген жауынгерлер туралы мәліметтер жинақталған екен.

Осы 2015 жылғы 10 ақпанда келген архивтік анықтамада атқаш қызыл әскер Біркен Ерденовтың Ұлы Отан соғысының майданында 1943 жылы 22 наурызда жаралы болып, Ленинград облысы Парахино госпиталінде емделгені, 1943 жылы 29 мамырда емделгендер батальонына жіберілгені жазылған.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында майдангердің бүгінгі ұрпағы оның есімін қастерлеп, рухына бас иеді.

Бектас ЕРДЕНОВ,
майдангердің ұлы.

Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: Беркен Ерденов.

Он төрт солдат пен офицерді тұтқындаған Қас батырдың бірі Сартай Омаров еді

Қостанай, Торғай өңірі Сартай Жүнісұлы Омаровты жақсы біледі. Ол 1972 жылдан бастап, табаны күректей он жыл бойы Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп, сол өңірдің дамуына ерекше үлес қосқан қайраткер тұлға.

Ол 1925 жылы Федоров ауданы Малороссейка селосында туған. Еңбек жолын қара жұмысшыдан бастап, совхоз директоры, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін өскен азамат. Адал еңбегі үшін екі рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту, екі рет "Құрмет Белгісі" ордендерімен марапатталған. Оған еңбек сіңірген ауыл шаруашылық қызметкері құрметті атағы берілген.

Сартай Омаров 1942 жылы он жеті жасында майданға аттанып, Ұлы Жеңіске өзінің жауынгерлік үлесін қосып, туған топыраққа 1947 жылы оралған.

Отбасында сақталған құжаттарға назар аударайық: 1942 жылдың желтоқсаны — Түмен қаласындағы Таллин әскери училищесінің курсанты, 1943 жылдың тамызынан 4-Украин майданы танкіге қарсы дивизионының взвод командирі, 1944 жылдың қазанынан 2-Украин майданы танк корпусы взвод командирі, 1945 жылдың мамырынан



Вена қаласындағы Дунай порты күзетінің бастығы, 1946 жылдың шілдесінен 1947 жылдың маусымына дейін Волин облысы Коваль қаласындағы тиеп-түсіру базасы взвод командирі.

Отбасында Сәкеннің бір ерлігінің куәсіндей ерекше құжат — марапат парақшасы сақталыпты. Командирлері мен комиссарлары кіші лейтенант Омаровты "Қызыл Жұлдыз" орденіне ұсыныпты. Онда "Елді мекенді азат ету жолында жаудың күтпеген жерінен шабуылға шығып, дұшпанмен бетпе-бетте үлкен жеңіске жетті. Немістер батальоны штабын күл-талқан етіп, 14 солдат пен бір обер-лейтенантты тұтқынға алды. Осынау шайқаста оң аяғынан жаралы болды. Үкімет наградасы — "Қызыл Жұлдыз" орденіне лайықты".

Сәкеннің қан майдандағы басқа да талай ерліктері болған шығар. Бір емес, екі рет жаралы да болған. Бірақ ол кісі өмірінің сол бір кезеңі туралы айта бермейтін.

Мен ол кісінің күйеу баласымын. Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында осындай екі майданның да ері, халқының адал ұлын еске алып, рухына тағзым ету тірі жүрген біздің бір борышымыз болса керек.

Базарбек ШЫҢҒЫСҰЛЫ.

Қостанай қаласы.

СУРЕТТЕ: Сартай Омаров.

Жобаның жетекшісі Сәлім МЕНДІБАЙ.

• ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Сарғайған хаттар сыр шертеді

Айбек
КӨДІРҰЛЫ

Әкесі майданға аттанғанда ол небәрі екі жарым жаста еді. Бұл 1942 жылдың күз айы болатын. Соғыс басталғалы Көкалат бойының жігіт-желеңі күн аралатып туған жермен қоштасып кетіп жатыр еді. Әскерге шақыру қағазы келгенде Маудан Жолаевтың жасы жиырма беске енді ғана толған.

Ол кезде Көкалат ауылы ресми түрде «Аманкелді» колхозы деп аталатын. Міне, осы колхозда Мауданға қой фермасының меңгерушісі, май дайындаушы тәрізді жауапты жұмыстар сеніп тапсырылды. Өз ісіне адал әрі кез келген шаруаны бар ынта-жігерімен атқара білетін зіңгіттей жігіт 1929 жылы комсомол мүшесі атанып, ұжымшар көлеміндегі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріпті. Мұны өзі қолымен жазған өмірдерегі нақтылай түседі: «... 1935-1937 жылдары Аманкелді, бұрынғы Еңбек колхозының бригадирі болып қызмет істедім. 1937 жылдың май айынан 1940 жылдың декабріне дейін ауданға май жинаушы болдым. 1940 жылдан осы күнге дейін Аманкелді колхозында қой фермасының меңгерушісі қызметін атқарып келемін. Комсомолдан сөгіс алғаным жоқ. Аманкелді колхозында үгітші болып қоғамдық жұмыс атқарамын. Өзімнің 3 кластық білімім бар. Сонымен қатар күнделікті газет-журналдарды алдырып оқимын».

Шеті әбден мүжіліп, сары-жағаданған құжат осылай деп сыр шертеді. Жауынгер М.Жолаевтың одан кейінгі тағдыры бүгінгі ұрпақтарына беймәлімдеу.

1. Жауынгер аманаты

1942 жылы 13-ші қарашада Торғай даласынан майданға аттанғандардың арасында көкалаттық Маудан Жолаев та бар еді. Іргедегі Челябинь облысының (Ресей Федерациясы-автор) Шұбаркөл стансасында әскер қатарына шақырылғандарды бірер ай соғыс машығына үйретеді. Осы бекетке келген кезде болуы керек, жарына былай деп хат хазыпты:

«Он екі жыл жолдас болдың,
Қарлығаш сен,
Жол тартып, жүріп кеттім
бұл жаққа мен.
Кәрі анам, жас құлыным
қалды-ау үйде,
Тапсырдым, дұрыстап бақ
ал енді сен...»

Өкінішке қарай, Фазылхан аға да, Биғанша апай да өлеңнің кейбір шумақтарын ұмытып қалған. Майдан даласынан жолданған хаттардың көбісінің

жазуы көмескіленген еді. Біразы қолды болды. Жыртылған. Оған себеп мынау: соғыста хабар-ошарсыз кеткен жұбайын жиі еске алып, көзін жасқа шылай берген соң, осы Фазекеңдер хаттарды жыртып тастапты. Дұрыс қой, бәріне сүйеу болған шеше мүжілмесін, мұқалмасын дейді-дағы.

Мауданның майданда түскен бір-екілі суреттері болатын. Олар да сақталған жоқ.

— Кәрім Мусин деген туысымыз бір суретін үлкейтіп берем деп әкетіп еді, сол бойы ұшты-күйлі жоғалды. Бір суреті Қоныстың шешесінің үйінде, төрдегі айнаның жиегінде ілулі тұратын еді, оны жыртып тастадық. Қоныс деп отырғаным белгілі халық ақыны Қонысбай Әбіл. Әжесі (Искендірдің әйелі-автор) Мауданның туған апасы.

Ш а л ы н ы ң жазған хаттарын шешем көп жыл бойы сандық түбінде, сары майдай сақтап келді. Кейде соларды оқып отырып, еске алып, жылап алатын. Әкемнің түр-тұлғасы есімде жоқ. Екі жарым жастағы сәби нені түсінеді? Тек, шешемнің айтуымен ғана көз алдыма елестетемін. Ол кісі хатты латын қарпімен жазады екен. Оны апам өзі оқиды. Көбісі өлеңмен жазылған, — деп еске алады Фазылхан аға.

Жауынгер М.Жолаев өз хаттарында жарына үйдегі кәрі енесі мен артында қалған жалғыз тұяғын жетімсіретпеуді аманаттайды. Балаға қол ұшын тигізе көрмеңдер деп тапсырады. «Дәм-түз бұйырса, елге аман-есен оралармын. Басқа дүние күйіп кетсе де Фазылханымызды жылатпа», — дейді тағы бір жазғанында. Бұл оның ұрыс даласынан жолдаған соңғы хаты екен.

2. Аманатқа адалдық

Одан кейін хабар үзілген. Қара қағаз да келмеген. Сондықтан, Қарлығаш әже қашан көзі жұмылғанша күтумен жүрді. Ол кісінің де өмірден өткеніне де 20 жыл болды.

Марқұм оңашада отырғанда ішінен бірдеңелерді күбірлеп, жылап отырады. Биғанша онда жаңа түскен жас келіншек, бәлендей ештеңеге мән бере бермейді. Сөйтсе, жарықтық соғыстан күйеуін сағынып, жылайды екен ғой.

Қолында екі жарым жа-

сар сәбиі мен қарт анасы, сіңлісі қалған Қарлығаш үйелмелі-сүйелмелі отбасын асырау үшін тыным көрген жоқ. Ерте тұрып, кеш жатты. Бозала таңнан тұрып, үйдің бар шаруасын күйттейді. Одан қалды колхоз кеңсесін сыпырды, қағаз тасиды. Кеңсе демекші, соғысқа кетпей тұрып күйеуі екі басты қоржын үй салдырған. Бір жағы өз үйі, екінші жағы кеңсе-тұғын. Бұрынғы үйлері тым қораш, төбесі аласалау боп келетін. Фазылханы ертең-ақ өсіп жетілсе,



құдай-ау, мынаған басы тимей ме?! Бұл ертең соғыстан орала ма, жоқ па? Соны ойласқан Маудан жарықтық әскерге шақырылмай тұрып, еңселі етіп салып еді, осы үйді.

— Ертеде Мырзағали, Сапан деген ағайын кісілер апамнан ақыл сұрап, кеңесетін. Апам не айтса, соны істейді. Негізі, менің енем үйде әйел, түзде еркектің шаруасын бір өзі атқарған кісі еді,-дейді сөз арасында Биғанша апай.

...Соғыс салған жара көпке дейін жазылған жоқ. Ауылдан майданға аттанғандардың көбі оралмады. Енді бірі хабар-ошарсыз кетті. Ұрыс даласында қаза тапты деген кісілердің үйлеріне күнде қара қағаз келіп, ауыл іші азан-қазан боп жататын. Жаулығы желбіреген жас ананың екі көзі қара жолдың үстінде. Елең-алаңда жары келіп қала ма деп жаутаңдайды. Бірақ, есіл ер сол кеткеннен мол кетті. Есімі ауылдағы мемориалдық ескерткіш тақтаға ойып жазылды.

Ал, қайсар Қарлығаш Фазылханын жеткізді. Қатарынан кем қылған жоқ. Оқытты.

3. Орнында бар оңалар

Уақыт, шіркін, сыныптай сырғиды. Арада айлар өтіп, жылдар жылжыды. Баяғы жетім балалар ат жалын тартып минуте жарап қалған. «Орнында бар

оңалар» деген, бұл кезде бала Фазылханнан да анау-мынау шаруаңыз артылмайды. Анасының қолғанатына айналды. Ол кезде Көкалатта жеті жылдық мектеп болды. Ақкөлдiң балалары қатынап оқитын. Мауданнан қалған жалғыз тұяқ 1946 жылы білім ошағының табалдырығын аттады. Сабаққа алғырлығы сол, оқуды тез игеріп әкетті.

1956 жылы мектепті бітірген бозбала Фазылхан бірден ауыл поштасына бастық болды. Ол тұста қолынан іс келген адамды жасына, біліміне қарамай жұмсай беретін кез. Шешесі жалғыз ұлды сыртқа жібергісі келмеді. Бір жағынан қаражаттың жоқтығы қолбайлау. Ақыры ауылда қалып, байланыс қызметіне байланды да қалды.

Міне, Фазекең, сол пошта саласында 1956 жылдан кешегі 2005 жылға дейін табан аудармай, 49 жыл қызмет етті. 1968-1978 жылдары «Торғай» кеңшарына қоныс аударған. Онда да сол қызметін абыройлы жалғастырды. Нәтижесі сол емес пе, 1971 жылы байланыс саласы бойынша ауданда омырауына Еңбек Қызыл Ту орденін таққан екі кісі болса, соның бірі осы Фазылхан Мауданов-тұғын. 1975 жылы Жанкелдин ауданы еңбекшілер депутаттарының Аманкелді селолық кеңесінің депутаты болып сайланды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Торғай» кеңшарында қызмет істеп жүрген жылдары Фазекең Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған аудандық ақындар айтысына қатысыпты. Сонда:


«...Осындай қанды
майдан басталғанда,
Советтік жас қар мен мұз
жастанғанда.
Әкіммен әкем менің
жауға аттанып,
Бесікте үілдеумен
жас қалғанда...»

— деп Отан үшін кеудесін оққа төсеген әкесі жәйлі тебірене жырлаған еді.

Бүгінде Фазылхан Мауданұлы тамыры тереңге тартқан, мәуелі бәйтерек тәрізді. Жары Биғанша Қарақызы екеуі тоғыз ұл-қыз өсіріп, олардан жиырма екі немере, екі шөбере сүйіп отырған бақытты ата мен әже. Қостанай қаласында тұрады.

— Атадан жалғыз тусам да құдайға шүкір, жан-жағым түгел, ұрпағым аман-есен. Бұдан артық бақыт бола ма?! Тек, көңіл түкпірінде әкеге деген сағыныш бар. Көзін көріп, құшағына еңбесем де жетпіс екі жылдан бері жат жердің топырағын жамылып жатқан әкемнің қабірін тауып, туған жерінің бір уыс топырағын салу мен үшін парыз сияқтаңады да тұрады, — дейді Фазекең ақсақал.

СУРЕТТЕРДЕ: Фазылхан Мауданұлы әке хаттарын жиі ақтарады; жауынгер М.Жолаевтың майданнан жазған хаттары. Суреттер отбасылық мұрағаттан алынды.



Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 16 ақпандағы 44 қаулысы

Қостанай облысының аумағындағы «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймағын белгілеу туралы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 123-бабына, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 18, 43, 53-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесін сыртқы қолайсыз әрекеттерден ерекше күзету және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - табиғи резерват) шекарасының айналасындағы Қостанай облысының аумағында ені екі километрден кем емес, жалпы ауданы 180 929 гектар, оның ішінде: жер учаскелері иелерінен және жер пайдаланушылардан алып тастамай және жерлердің санатын өзгертпей Ұлы-Жыланшық учаскесінде – 78 972 гектар, Тосынқұм учаскесінде - 74 457 гектар және Сарықопа учаскесінде 27 500 гектар күзет аймағы;

қоса беріліп отырған картаға сәйкес табиғи резерват шекарасының периметрі бойынша күзет аймағының шекарасы;

қосымшаға сәйкес табиғи резерват аумағында табиғатты пайдаланудың режимі мен тәртібі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ш. Жақыповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі Н. Садуақасов.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 26 наурыздағы № 5456 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 16 ақпандағы
№ 44 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймағының аумағында табиғатты пайдалану режимі мен тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты (бұдан әрі - табиғи резерват) республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймақтарында табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін жер пайдаланушылардың дәстүрлі шаруашылық қызметінің негізгі түрлеріне рұқсат беріледі.

2. Табиғи резерваттың күзет аймағында:

- 1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
- 2) экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;
- 3) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зерлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластанушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

7) резерваттың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);

8) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

9) табиғи резерваттың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке жол берілмейді.

3. Табиғи резерваттың күзет аймақтарының аумағында резерваттың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай өртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

1) мал жайылымы және шөп шабууды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;

2) туристік және рекреациялық қызмет;

3) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;

4) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау және аң аулау;

5) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;

6) бүлінген жерлерді рекультивациялау;

7) үлгі өлшемді дала және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;

8) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;

9) жер учаскілерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, табиғи резерват қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

4. Табиғи резерваттың күзет аймақтарында осы қосымшаның

3-тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ табиғи резерват қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

Постановление акимата Костанайской области
от 16 февраля 2015 года № 44

Об установлении охранный зоны республиканского государственного учреждения "Государственный природный резерват "Алтын Дала" на территории Костанайской области

В соответствии со статьей 123 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, подпунктом 11) пункта 2 статьи 10 и статьями 18, 43, 53 Закона Республики Казахстан от 7 июля 2006 года "Об особо охраняемых природных территориях", подпунктом 9) пункта 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", в целях обеспечения особой охраны и защиты республиканского государственного учреждения "Государственный природный резерват "Алтын Дала" от неблагоприятного внешнего воздействия, акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить:

охранную зону на территории Костанайской области вокруг границы республиканского государственного учреждения "Государственный природный резерват "Алтын Дала" Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее - природный резерват) шириной не менее двух километров, общей площадью 180 929 гектаров, из них: в Улы-Жиланшикском участке 78 972 гектара, Тосынқұмском участке 74 457 гектаров и 27 500 гектара в Сарыкопинском участке без изъятия у собственников земельных участков и землепользователей и без изменения категорий земель;

границу охранный зоны по периметру границы природного резервата согласно прилагаемой карты;

режим и порядок природопользования на территории охранный зоны природного резервата согласно приложению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Жакупова Б.Ш.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области Н. Садуақасов.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов
26 марта 2015 года под № 5456.

Приложение к постановлению акимата
от 16 февраля 2015 года № 44

Режим и порядок природопользования на территории охранный зоны республиканского государственного учреждения "Государственный природный резерват "Алтын Дала" Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан

1. В охранный зоне республиканского государственного учреждения "Государственный природный резерват "Алтын Дала" Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее - природный резерват) разрешаются основные виды традиционной хозяйственной деятельности землепользователей, обеспечивающие устойчивое использование природных ресурсов.

2. В охранный зоне природного резервата не допускается:

1) создание новых и расширение существующих населенных пунктов;

2) размещение, проектирование, строительство и эксплуатация объектов, внедрение новых технологий, оказывающих вредное воздействие на экологические системы;

3) ведение интенсивных форм сельского хозяйства с применением токсичных для животного и растительного мира ядохимикатов, удобрений и гербицидов;

4) выброс в атмосферу и сброс в открытые водные источники и на рельеф загрязняющих веществ и сточных вод, размещение отходов;

5) добыча полезных ископаемых;

6) захоронение радиоактивных материалов и промышленных отходов;

7) деятельность, способная изменить гидрологический режим экологических систем природного резервата (строительство плотин, дамб, гидротехнических сооружений и других объектов, приводящих к прекращению или снижению естественного стока вод);

8) интродукция чужеродных видов диких животных и дикорастущих растений;

9) другая деятельность, способная оказывать вредное воздействие на экологические системы природного резервата.

3. На территории охранный зоны природного резервата могут осуществляться различные формы хозяйственной деятельности, не оказывающие негативного воздействия на состояние экологических систем природного резервата:

1) традиционное землепользование, включая пастбищу скота и сенокосение, а также иная деятельность в рамках обеспечения долгосрочной сохранности и неустойчивости биологического разнообразия;

2) туристская и рекреационная деятельность;

3) использование минеральных вод, бальнеологических и климатических ресурсов;

4) промысловое и любительское (спортивное) рыболовство и охота;

5) проведение наземных и авиационных работ по тушению лесных и степных пожаров;

6) рекультивация нарушенных земель;

7) восстановление эталонных степных и иных растительных сообществ;

8) восстановление среды обитания и численности диких животных;

9) использование земельных участков для обустройства мест пребывания туристов, устройства питомников для искусственного размножения, вырощивания, разведения эндемичных, редких и исчезающих видов растений и животных, а также для строительства служебных зданий (кордонов) для проживания работников природного резервата, предоставления им служебных земельных наделов.

4. В охранный зоне природного резервата при осуществлении видов деятельности, указанных в пункте 3 настоящего приложения, должны предусматриваться и осуществляться мероприятия по сохранению среды обитания и условий размножения объектов животного и растительного мира, путей миграции и мест концентрации животных, обеспечиваться неприкосновенность участков, представляющих особую ценность в качестве среды обитания диких животных, а также иных объектов природного резервата.

Жалпықалалық сенбілік өтеді

Ермекбай ХАСЕНОВ

Жылдағы дәстүр бойынша көктем айларында санитарлық тазалықты сақтауға арналған Қостанай қаласы әкімдігінде кеңес өткізілді. Бұл мәселе туралы қала әкімінің орынбасары Фрунзик Аракелян баяндама жасады. Шешен өзінің сөзінде көшелерді және қоғамдық орындарды тазалау былтырғы жылы қарқынды түрде атқарылғанын еске салды. Сол жұмыстар биыл да жалғасын табатынын, шарт жасасқан мердігерлер бірінші тоқсанда белгіленген міндеттемелерін орындайтынын мәлімдеді.

Биылғы жылдың 16 сәуірінен 21 мамыры аралығы санитарлық тазалық айы болып жарияланады. Сәуірдің 17-20 күндері жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылады.

Бейбіт елдің бүлдіршіндері

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылын халқымыз қолдап, тойлап жатыр. Осындай ұлы істі бүлдіршіндерге жеткізу мақсатында Қашар кентіндегі №2 Қашар орта мектебіндегі шағын орталықтың тәрбиешілері "Қош келдің, төрлет Наурызым!" тақырыбында ертеңгілік өткізді. Оған "Балапан" екінші кіші тобының бүлдіршіндері қатысып, ұлттық киімдерін киіп, қазақша биледі. Мерекені тойлауға жиналған қауыммен амандасып, өзге ұлт өкілдерін құрметпен қарсы алды. Балақайлар қосыла ән шырқап, тақпақтар айтты. Іс-шараның қонақтары да құр қол келмеген екен. Олар қазақ тіліндегі тақтықтау айтып, ата-аналар балаларға ұлттық ойындарды үйретті. Ұлқыздар "Балапандар", "Тырналар" биін билеп, "Қырдағы гүлдер" ойынын ойнады. Ертеңгіліктің қатысушылары бауырсақтан дәм татты. Мінекей, осындай бала қуанышынан асқан бақыт барма?! Осы бақытты біздің балаларымызға сыйлаған Елбасымыз болатын. Неге десеңіз, "Балапан" бағдарламасы бойынша 2010 жылы біздің мектебімізде шағын орталық ашылды. Міне сол уақыттан бері бүлдіршіндерімізді тәрбиелеп келеміз.

З.ШАБАРОВА,
№2 Қашар орта мектебі шағын орталығының тәрбиешісі.

161 өрт сөндіру құралы жарамсыз

Өрт сөндіру гидранттарының басым бөлігі іске жарамайды. Бұл кезекті тексеру кезінде анықталды. Жалпы өрттің алдын алу үшін оны ауыздықтайтын құралдардың сақадай-сай болғаны жөн. Ал бүгінгі күні кез келген ұйым және мекемелер тілсіз жаудың алдын алу қажет. Себебі, барлық елдімекен, өндіріс ошақтары, кәсіпорындардың құрылысын жүргізу кезінде, оның су құбырын және басқа да өндірістік құрылғыларын тартумен қатар өрт қауіпсіздігі басты назарға алынады.

Облыс орталығы аумағында жалпы 1140 өрт сөндіру гидранты болса, оның 876-сы қаладағы "Қостанай-Су" мекемесіне тиесілі. Ал 264-і мекеме-ұйымдардың меншігіне қарасты. Қостанай қалалық өртке қарсы қызметі жыл сайын олардың техникалық жағдайын тексеріп, қадағалап отырады. Бүгінгі таңда Қостанай қаласы бойынша мекемелер мен ұйымдардағы 264 өрт сөндіру құралының 63-і іске жарамсыз деп танылды.

А.БАЙМАНОВ,
Қостанай қалалық ТЖБ аға инженері.

Ашық сабақ өтті



Қостанай облысы бойынша ҚАЗ Департаментін-де мемлекеттік тілді және қазақ салт-дәстүрін насихаттау мақсатында ашық сабақ өтті.

Ашық сабақты Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі, №4 «Дорожный» кітапхана филиалының меңгерушісі Қарлығаш Жолаушыбаева, кітапханашы Шолпан Әбілтаева жүргізді. Сабақ барысында кітапхана мамандары департамент қызметкерлеріне қазақ халқының салт-дәстүрлерін нақыштап, мағыналы сипатама туралы баяндама оқып, бейнекөріністер көрсетті.

Сабақ соңында, алдағы уақытта осындай іс-шаралардың жүргізілуінің қажеттігі туралы және де ұжым атынан алғыс айтылды.

М.ИСМУРАТОВА,

Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Қостанай қалалық қызметтік пробация бөлімінің аға инспекторы.

ТОО «Бородиновское» сообщает, что общее собрание участников состоится 22 апреля 2015 года в 11 часов 00 минут, по адресу Костанайская область Мендыкаринский район, с. Загаринка:

В повестку дня включены следующие вопросы»

1) Открытие кредитной линии ТОО «Бородиновское» в ТОО «Кредитное товарищество «Боровское» в сумме 18 000 000 тенге, на условиях ТОО «КТ «Боровское».

2) Заключение Договоров залога и дополнительных соглашений к ним, согласно которым ТОО «Бородиновское» предоставляет в залог ТОО «КТ «Боровское» движимое и недвижимое имущество, а именно:

Трактор К-701.01 ЗСТ, 2007 г.в.; Трактор Беларусь – 1221,2, 2009 г.в.; Трактор Беларусь 1221, Т, 2007 г.в. и право временного возмездного долгосрочного землепользования на земельный участок общей площадью 831,1 га, кадастровый номер 12-185-010-140, Введенский с/о, в обеспечение обязательств ТОО «Бородиновское» перед ТОО «КТ «Боровское» по открываемому Рамочному соглашению/Кредитному договору, включая все приложения и дополнения к нему, а также все обязательства ТОО «Бородиновское», которые возникнут в будущем по указанному Рамочному соглашению/Кредитному договору, с предоставле-

нием ТОО «Кредитное товарищество «Боровское» права на внесудебную реализацию передаваемого в залог имущества.

3) Заключение Договоров залога и дополнительных соглашений к ним, согласно которым ТОО «Бородиновское» предоставляет в залог АО «Аграрная кредитная корпорация» движимое и недвижимое имущество, а именно:

Трактор К-701.01 ЗСТ, 2007 г.в.; Трактор Беларусь 1221,2, 2009 г.в.; Трактор Беларусь 1221, Т, 2007 г.в. и право временного возмездного долгосрочного землепользования на земельный участок общей площадью 831,1 га, кадастровый номер 12-185-010-140, Введенский с/о, в обеспечение обязательств ТОО «Боровское» перед АО «Аграрная кредитная корпорация» по Рамочному соглашению/Кредитному договору № 283-КСТ-КТ6 от 16.03.2015 г., включая все приложения и дополнения к ним, а также все обязательства ТОО «КТ «Боровское», которые возникнут в будущем по указанному Рамочному соглашению/Кредитному договору, с предоставлением АО «Аграрная кредитная корпорация» права на внесудебную реализацию передаваемого в залог имущества.

4) Предоставление полномочий на подписание кредитной и залоговой документации от имени ТОО «Бородиновское» Балеа СВ.

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы «Федоров ауданы Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман (Е-С-3 санаты) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарға байланысты – 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін. Құжаттарды қабылдау мына мекенжай бойынша (Қостанай облысы, Федоров ауданы, 111900, Федоров ауылы, Калинин к. 53, телефондар 87144221045, 87144222528 (факс), электрондық мекенжай: akimatfed@mail.ru, fedorovka@kostanay.gov.kz).

Қызметтік міндеттері: Федоров ауылдық округінің тізімге алу материалдарын дайындау және ескер қатарына шақырылуы, әскери міндетті есебін жүзеге асырады. Ауылдық округ жастарын әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс үйлестіру. Өзара түсіністік бойынша оқу аймағында және саяси партиялардың қарым-қатынасы және қоғамдық бірлестіктердің, әлеуметтік жағдайлардың мониторинг болжамдарын құру. Үкіметтік емес ұйымдармен үнемі байланысты жүзеге асырып және олардың іс-әрекеттерінде әдістемелік көмек көрсету. Әр түрлі ұлт азаматтарымен, әртүрлі діни конфессиялармен толеранттық қарым-қатынас құрып, діни бірлестіктермен үнемі байланысты жүзеге асыру. Округта сақтауға және бірлікті нығайтуға және тұрақтылыққа бағыттаған іс-шараларын жүзеге асыру. Саясаттық ҚР Президенті мен Үкіметінің жастар саясатын жүзеге асыру бойынша балалар және жастар бірлестіктеріне әдістемелік көмек жүзеге асыру. Жастар ортасында және адамгершілік рухани аймақтары шығармашылық потенциалды дамытуды қалыптастырады, «Салауатты өмір салты» бағдарламасына жастар арасынан қатысу. Жастар жұмыс істеу барысында азаматтармен білім саласында әскери-патриоттық тәрбиелеуде, мәдениет, спорт, денсаулық сақтауға заңды тұлғалармен мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет жасау. Жастар саясаты бойынша қоғамдық-саяси жағдайларды зерттеу және ақпараттық-аналитикалық жұмыстар өткізу.

Қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары гуманитарлық, педагогикалық, заңгерлік, экономикалық, ауыл шаруашылық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәй-

кес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі гуманитарлық, педагогикалық, заңгерлік, экономикалық, ауыл шаруашылық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген, Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу қағида (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні** ішінде «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне мына мекен жайға Қостанай облысы, Федоров ауданы, 111900, Федоров ауылы, Калинин к. 53, ұсыну қажет. Анықтамалар телефон 8(71442) 22528, электрондық пошта – fedorovka@kostanay.kz.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне берген құжаттарды (қоса берілген құжаттарды көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні** ішінде «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі маслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кадр жұмысы бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кадр жұмысы бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы «Федоров ауданы Пешков ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман есепші (Е-С-3 санаты) бос әкімшілік мемлекеттік лауазымын орналасуға конкурс жариялайды. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты – 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін. Құжаттарды қабылдау мына мекенжай бойынша (Қостанай облысы, Федоров ауданы, 111900, Федоров ауылы, Калинин к. 53, телефондар 87144221045, 87144222528 (факс), электрондық мекенжай: akimatfed@mail.ru, fedorovka@kostanay.gov.kz).

Қызметтік міндеттері: Әрбір бюджеттік бағдарламалардың міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді. «Федоров ауданы Пешков ауылдық округі әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесінің стратегиялық және қаржыландыру жеделдік жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Тауарларды, жұмыс және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуға келісім шарттар бекітуін жүзеге асырады. Шығыстардың орындалуы жөніндегі бухгалтерлік есепті жүргізеді, аудандық экономика және қаржы бөліміне бухгалтерлік есеп береді. Құжаттардың уақытты және дұрыс ресімделуіне және құрылған операцияларының заңды болуына бақылау жасайды. Штаттық кесте, шығындар сметасы, оларға есеп. Еңбек ақы, демалыс және аурулық парақтарына есеп жүргізеді, қызметкерлердің және жұмысшылардың есеп шоттарын жүргізеді, еңбек салығын, карточкалық салыным зейнетақы жинау қорының есебін жүргізеді. Табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық басқармасына тоқсандық және жылдық есебін тапсырады, негізгі құралдар бойынша статистикалық есеп жүргізеді. Федоров ауданы бойынша экономика және қаржы, қазыналық бөліміне есеп тапсырады. Еңбекақы бойынша жинақтау ведомостері бойынша аналитикалық есебін құрастырады. Сұраным және еңбек ақы есебін дайындайды. Бензин талонын береді. Сенімхат тіркеу журналын жүргізеді. МТБ және негізгі құрал бойынша есеп жүргізеді. Номенклатура істерінде қарастырылған бухгалтерлік есебін жүргізеді.

Қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары экономикалық. Ортадан кейінгі экономикалық білімі бар жағдайда мемлекеттік қызметте бір жылдан кем емес қызмет өтілі немесе осы санатқа сәйкес бағытталған қызмет салаларында екі жылдан кем емес жұмыс өтілі. Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен

бекітілген, Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу қағида (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні** ішінде «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне мына мекен жайға Қостанай облысы, Федоров ауданы, 111900, Федоров ауылы, Калинин к. 53, ұсыну қажет. Анықтамалар телефон 8(71442) 22528, электрондық пошта – fedorovka@kostanay.kz.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне берген құжаттарды (қоса берілген құжаттарды көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні** ішінде «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі маслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесудің басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кадр жұмысы бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

ТОО «Грань К» (местонахождение: Кост. обл., г. Костанай, пр.Аль-Фараби, 65, эт. 8), сообщает потребителям и иным заинтересованным лицам о предстоящем проведении слушания по ежегодному отчету за 2014 год о деятельности субъекта естественной монополии по предоставлению регулируемой услуги – по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути, которое состоится 30 апреля 2015 года в 12.00ч. по адресу: Костанайская обл., г. Костанай, пр.Аль-Фараби, 65, каб.808.

Пән олимпиадасы өтті

Ауданымыздағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде білім беру бөлімінің әдіскері Қанат Әбдуалиевтің ұйымдастырумен құқық пәні мұғалімдерінің пән олимпиадасы өтті.

Олимпиаданың мақсаты – педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, шығармашылық белсенділіктерін ынталандыру, оларға жағдай туғызу, қолдау мен мадақтау, педагог мәртебесін, беделін арттыру және ғылыми білімді насихаттау.

Байқауға шығармашылықпен жұмыс жасайтын ауданымыздың пән мұғалімдері қатысты. Олимпиада сайысы төрт кезеңнен таныстыру, мастер-класс (мұғалімнің шығармашылық жұмыстары, портфолио), тест, панорамалық сабақ тұрды.

Сайыс нәтижесінде бірінші орынды Ы.Алтынсарин атындағы мектептің мұғалімі Бақытбек Ақжанов, екінші орынды Аманкелді орта мектебінің мұғалімі Ербол Қойшыбаев, ал үшінші орынды Б.Қолдасбаев атындағы мектептің мұғалімі Рахметнұр Садуақасов иеленді.



Жұмабек ӘНЕТ.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: жеңімпаздар.

Аманкелді ауданы әкімдігінің "Аман-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, Аманкелді ауданы, Аманкелді селосының коммуналдық қызмет тұтынушыларына 2014 жылғы сумен жабдықтау және жылу беру қызметтері бойынша тыңдауын 2015 жылдың 27 сәуірінде сағат 10.00 де "Аман-

Су" МКК-ны, Байтұрсынов к-сі, 36 үйде өткізетіндігін хабарлайды.

Қосымша ақпараттарды 21-6-48 телефон нөмірінен алуға болады.

Аманкелді ауданы әкімдігінің "Аман-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

"Жангелдин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, 110600, Торғай ауылы, Алтынсарин көшесі 4 үй, анықтама үшін телефондары: 8(71439)- 21-2-51, 21-4-04 (факс), электрондық мекенжайы jangeldy@kostanay.gov.kz., "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды: "Жангелдин ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы (санаты Е-Р-4), лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Мемлекеттік мекеменің есеп-қисап жұмысын жүргізу. Сметалық есеп жасау, тоқсандық, жылдық баланс есептерін жасау, қаржы және қазынашылық бөлімдеріне міндетті есеп құжаттарын тапсыру. Ағымдағы есеп шоттарына, ерекшеліктер бойынша қаржы шығындарына, бас кітапқа ай сайын түсімдер мен шығындарды қондырып, сальдолық қалдық шығару.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім. Бухгалтерлік, экономикалық, қаржылық мамандықтар. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегия-

сын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер;

